

## Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заны.

### МАЗМҰНЫ

Осы Зан адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылым негіздерін қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында экстремизмге қарсы іс-қимылдың құқықтық және ұйымдастыруышылқи негіздерін айқындайды.

#### 1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұфымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

##### 1) экстремизм – мыналардың:

жеке және (немесе) занды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) занды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

жеке және (немесе) занды тұлғаның, жеке және (немесе) занды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды:

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысады, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысады, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді);

нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді);

діни өшпенделікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенделікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы;

2) экстремизмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылым негіздерін, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін экстремизмнен қорғауды

қамтамасыз етуге, экстремизмнің алдын алуға, оны анықтауға, оның жолын кесуге және салдарларын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызметі;

3) экстремизмді қаржыландыру – жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің экстремистік сипатын не берілген муліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің экстремизмді жүзеге асыру не экстремистік топты, экстремистік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі;

4) экстремизмнің профилактикасы – экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік, насиҳаттық және өзге де шаралар жүйесі;

5) экстремистік әрекеттер – экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыруды, экстремистік ұйымдардың нышандарын насиҳаттауды, үгіттеуді және көпшілікке жария көрсетуді қоса алғанда, осындай әрекеттерді тікелей іске асыру;

6) экстремистік әрекеттерді ұйымдастыру – экстремистік әрекеттерге басшылық ету, экстремизмді қаржыландыру, экстремистік мақсатта адамдарды азғырып тарту, құралдар мен қарулар жасау және иемдену, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған басқа да әрекеттері;

7) экстремистік материалдар – экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар;

8) экстремистік топ – бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдастыран топ;

9) экстремистік ұйым – экстремизмді жүзеге асыратын және сот экстремистік деп таныған заңды тұлға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - КР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - КР 16.11.2015 № 403-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

### **3-бап. Қазақстан Республикасында экстремистік ұйымдарды құруға тыйым салу**

Қазақстан Республикасының аумағында мақсаттары немесе әрекеттері экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған ұйымдарды (филиалдар мен өкілдіктерді) құруға және олардың іс-әрекетіне тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдардың атауларын құрылатын ұйымдардың атауларында пайдалануға жол берілмейді.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **4-бап. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары**

1. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимылдың мақсаттары адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылышты қорғау, Қазақстан Республикасының егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

2. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимылдың міндеттері мыналар болып табылады:

1) экстремизмнің көрініс беру нысандарына қарамастан, Қазақстан Республикасында оны жүзеге асыруға жол бермеу;

2) экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктердің жасалуын болғызыбау;

3) азаматтардың саяси және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Қазақстан Республикасында экстремизмге қарсы іс-қимыл мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңның үстемдігі;

2) нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тенденциі;

3) қоғамдық, оның ішінде ұлтаралық және конфессияаралық келісім;

4) мемлекет пен қоғамдық институттардың өзара іс-қимылы;

5) жариялышы.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

### **5-бап. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары**

Экстремизмге қарсы іс-қимыл мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

экстремизмнен сақтандыруға, соның ішінде оны жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және кейіннен жоюға бағытталған алудын алу шараларын қабылдау;

экстремизмді анықтау және оның жолын кесу;

экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

## **6-бап. Мемлекеттік органдардың экстремизмнің алдын алу саласындағы құзыреті**

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде экстремизмнен сақтандыруға бағытталған мынадай алдын алу шараларын іске асырады:

1) діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктер мен миссионерлердің қызметіне зерделеу мен талдау жүргізеді, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасының бұзылуына қатысты мәселелерді қарайды, Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзатын діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу туралы ұсыныстар енгізеді;;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2) тармақшага өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 19.06.2024 № 94-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

**Заңымен.**

2) бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі уәкілетті орган бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінде экстремизмді насихаттауға және ақтауға жол бермеу, олардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы тұрғысында оларға мониторинг жүргізеді, мемлекеттік тапсырысты орындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелерінің жариялануын қамтамасыз етеді;

3) білім саласындағы орталық атқарушы орган білім беру үйымдарында окушылардың экстремизм идеяларын қабылдамауын, халықаралық құқық пен ізгіліктің көпшілік таныған принциптерін құрметтеуін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік бағдарламалардың бекітілуін және іске асырылуын қамтамасыз етеді, оқу орындарының студенттер алмасу мәселелері бойынша халықаралық шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың уәжді қорытындылары бойынша өздерінің әрекеттерімен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына кіруіне жол бермеу жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жедел-іздестіру қызметін, қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асырады, сондай-ақ өздерінің іс-әрекеттерімен қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасынан шығарып жіберуді жүзеге асырады;

6) облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, тиісті аумақтарда құрылған діни бірлестіктердің және миссионерлердің қызметін зерделеуді жүзеге асырады, олар туралы деректер банкін жасайды, өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша өнірлік деңгейде ақпараттық-насихат іс-шараларын жүзеге асырады, өнірдегі діни ахуалға зерделеу мен талдау жүргізеді;

7) сыртқы барлау субъектілері өз іс-әрекеттерімен қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе нұқсан келтіретін шет мемлекеттердің ұйымдарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын хабардар етуді жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2005.07.08 № 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2010.05.27 № 279-IV, КР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **7-бап. Мемлекеттік органдардың экстремизмді анықтау және оның жолын кесу жөніндегі құзыреті**

1. Ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдары және экономикалық тергеу қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органдардың қарауына жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтайды, жолын кеседі, ашады және тергейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

1-1. Экономикалық тергеу қызметі экстремизмді қаржыландыру көздерінің, арналары мен тәсілдерінің алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді жүзеге асырады.

2. Прокурорлар жеке және заңды тұлғалардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзғаны фактілерін тапқан кезде немесе дайындалып жатқан құқыққа қарсы әрекеттер туралы мәліметтер болған кезде, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің мұдделеріне зиян келтіруі мүмкін экстремистік материалдар таратылған жағдайда, экстремизмнің кез келген көріністерін, оны жүзеге асыруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою туралы, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру туралы

прокурорлық қадағалау актілерін енгізеді, ұйымдар экстремизмді жүзеге асырған жағдайда олардың қызметіне тыйым салу туралы сотқа өтініш береді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

3. Өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өз құзыretі шегінде экстремизмді анықтау мен оның жолын кесуге қатысады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.11.2014 N 244-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **8-бап. Ұйымды экстремистік деп тану тәртібі**

1. Ұйымды экстремистік деп тану сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Егер ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) біреуі болса да осы ұйымның басшы органдарының бірінің рұқсатымен экстремизмді жүзеге асыратын болса, ұйым экстремистік деп танылады.

2. Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында өз іс-әрекетін жүзеге асыратын ұйымды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен прокурордың өтініші бойынша сот экстремистік деп таниды.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыretі шегінде прокуратура органдарына ұйымды экстремистік деп тану үшін қажетті айғақтық базаны қалыптастыру үшін материалдар беруге міндetti.

**Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **9-бап. Экстремистік ұйымдарды, экстремистік деп танылған ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алу**

1. Экстремизмнің профилактикасы, оны анықтау және оның жолын кесу мақсатында өз құзыretі шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган соттардың шешімдері негізінде экстремистік ұйымдарды, экстремистік деп танылған ақпараттық материалдарды және экстремизмді жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алууды жүргізеді.

2. Сот ұйымды экстремистік деп таныған және экстремизмді жүзеге асырғаны үшін оны тарату арқылы іс-әрекетіне тыйым салған, сондай-ақ ақпараттық материалдарды экстремистік деп таныған не экстремизмді жасағаны үшін адамдарды жауаптылыққа тартқан кезде, өз құзыretі шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға сот ақпараттық есепке алу құжаттарын дереу жіберуге міндetti.

3. Өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган сот экстремистік деп таныған ұйымдардың және ақпараттық материалдардың бірыңғай тізімдерін жүргізеді.

Көрсетілген тізімдер өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **9-1-бап. Экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылы**

Экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өз құзыреті шегінде:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ азаматтардың жәрдемін пайдалана отырып, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды;

2) экстремизм белгілері бар және осы мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын іс-әрекеттердің дайындалуы және жасалуы фактілері мен белгілері туралы хабарлайды және өзара қажетті көмек көрсетеді.

**Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **10-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы өзара іс-қимылы**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасып жұмыс істейді.

2. Экстремизмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтастық орнатады, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының немесе басқа мемлекеттердің аумағында жедел-іздестіру, қарсы барлау іс-шараларын жүргізеді.

Осы Заңның 7-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мемлекеттік органдар басқа мемлекеттердің құзыретті органдарының, халықаралық құқық қорғау ұйымдарының өтініші бойынша, экстремизмге қатысы бар адамдардың экстремизмді жүзеге асырған жеріне қарамастан, оларды Қазақстан Республикасының аумағында қудалайды.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **11-бап. Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін үйлестіру**

1. Мемлекеттік органдардың экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша қызметін үйлестіруді тұрақты түрде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының экстремизм профилактикасы бойынша қызметін үйлестіруді терроризмге қарсы комиссиялар шеңберінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

**Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

## **12-бап. Экстремистік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға жол бермеу**

**Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының аумағында байланыс желілері мен құралдарын экстремизмді жүзеге асыру үшін пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды әкелуге, басып шығаруға, әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын және экстремизм белгілері бар ақпараттық материалдарды прокурордың өтінішімен сот тыйым салу талабын мәлімдеген прокурордың тұрған жері бойынша немесе мұндай материалдардың табылған жері бойынша экстремистік деп танып, оларды әкелуге, басып шығаруға , әзірлеуге және (немесе) таратуға тыйым салады.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.04.2014 N 200-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.11.2014 N 244-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **13-бап. Бейбіт жиналыштар, митинглерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізген кезде экстремизмді жүзеге асыруға жол бермеу**

**Ескерту. 13-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 25.05.2020 № 334-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Бейбіт жиналыштар, митинглерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізген кезде экстремизмді жүзеге асыруға жол берілмейді. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың және ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті

атқарушы органы бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастырушыларға оларды өткізгенге дейін жауаптылық туралы жазбаша нысанда ескереді.

Бейбіт жиналыстар, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізген кезде оларға қатысу үшін экстремистік ұйымдарды тартуға, олардың нышандарын пайдалануға, сондай-ақ экстремистік материалдарды таратуға жол берілмейді.

Осы бапта көзделген мән-жайлар байқалған жағдайда бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастырушылар немесе оларды өткізуге жауапты өзге де тұлғалар көрсетілген бұзушылықтарды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануға міндettі. Осы міндettтердің сақталмауы бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды тоқтатуға әрі оларды ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен жауаптылықта болуына әкеліп соғады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 25.05.2020 № 334-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **14-бап. Экстремизмді қаржыландыруға жол бермеу**

Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің Қазақстан Республикасының аумағында экстремизмді қаржыландыруға бағытталған қызметіне тыйым салынады.

Осы бапта көзделген мән-жайлар байқалған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, жеке және (немесе) заңды тұлғалар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

#### **15-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылығы**

Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар экстремизмді жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Сот экстремистік ұйымдарға қатысушылар немесе экстремистік әрекеттер жасады деп таныған адамдарға мемлекеттік қызметке, әскери қызмет пен арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына қызметке кіруде шектеу қойылуы мүмкін.

**Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **16-бап. Ұйымдардың экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылығы**

1. Экстремизмді жүзеге асырған жағдайда ұйымның, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшесінің (филиалы мен өкілдігінің) іс-әрекетіне оны Қазақстан Республикасының

зандарында көзделген тәртіппен экстремистік деп тану және тарату арқылы тыйым салынады.

2. Экстремистік деп танылған ұйымды тарату кезінде оған (филиалы мен өкілдігіне) тиесілі Қазақстан Республикасының аумағындағы мүлкі тәркіленеді және мемлекет кірісіне өндіріп алынады.

3. Экстремизм бұқаралық ақпарат құралын пайдалана отырып жүзеге асырылған жағдайда, осындай бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе оны таратушының қызметін сот занда белгіленген тәртіппен тоқтата тұрады немесе оған тыйым салады.

4. Жеке тұлғалар бірлестігі экстремизмді жүзеге асырған жағдайда оның іс-әрекетіне осы Заңның 7-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген органдардың арызы бойынша сот тыйым салады.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.11.2014 N 244-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК